



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№8 (10 314)

27 ақпан

жұма

2026 жыл

aksuoniri@mail.ru

АҚОРДА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ XXV ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЧЕМПИОНЫ МИХАИЛ ШАЙДОРОВТЫ МАРАПАТТАДЫ

Ақорда резиденциясында XXV Қысқы Олимпиада ойындарының жеңімпазы Михаил Шайдоров пен оның жаттықтырушыларын марапаттау рәсімі өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты іс-шарада сөйлеген сөзінде Қазақстан үшін бұл Олимпиаданың орны ерекше екенін айтты.

– Отандасымыз Михаил Шайдоров тамаша өнер көрсетті. Мәнерлеп сырғанаудан алтын медальға ие болып, көк Туымызды Олимп шыңына көтерді. Сондықтан Михаилға алғысымыз білдіріп, құтты болсын дегім келеді. Ақордада жиналып отырған адамдарға, ең алдымен, Михаилдың әкесі мен жеңімпаздың бапкерлеріне ризашылығымыз айтамын. Баршаңызды тағы да шын жүректен құттықтаймын!

Сіздер қажырлы және табанды еңбектің арқасында Михаилды мықты спортшы, нағыз дарын иесі ретінде бүкіл әлемге паш еттіңіздер. Халқымыз Михаилды мақтан тұтады, ал жас буын одан үлгі алады. Олимпиада жеңімпазы болу – биік мақсат жолында кез келген қиындықты жеңу, яғни, ұзақ әрі күрделі жолға дайын болу деген сөз. Темірдей тәртіппен күн сайын тынымсыз жұмыс істеген адам ғана зор табысқа жетері анық, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Шайдоровтың жеңісі еліміз үшін төндесі жоқ жетістік саналатынына назар аударды.

– Біріншіден, бұл – көптен күткен, яғни, 32 жылдан кейін қол жеткізген тарихи жүлде. Екіншіден, бұл – мәнерлеп сырғанаудан ел қоржынына түскен алғашқы Олимпиада алтыны. Үшіншіден, күллі әлем елімізде әйгілі спортшы Денис Теннің жолын жалғастыратын дарынды жастардың бар екеніне куә болды. Михаил Шайдоровтың Олимпиадада көрсеткен керемет өнері, сөзсіз, тарихи жетістік, нағыз триумф. Кортина д'Ампеццо мұз айдынында отандасымыздың жүлдызы жарқырады. Бұл – Олимпиада чемпионының өзін-өзі шыңдап, өз қушына сенгенінің, мәнерлеп сырғанау сияқты аса қиын спорт түріне деген ерекше махаббатының жемісі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Олимпиада чемпионының әкесі әрі алғашқы бапкері Станислав Шайдоровтың еңбегіне айрықша тоқталды.

– Станислав Александрович – мәнерлеп сырғанаудан Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Әкесі, тұңғыш бапкері ретінде Михаилдың мұз айдынындағы алғашқы қадамын жасауға көмектесіп, өмірдің ең қиын сәттерінде әрдайым ұлының жанында болған адам. Мемлекет басшысы ретінде Қазақстан Республикасының көк Туын әлемнің барлық спорт аренасында биік желбіреткен осындай ұлды, отаншыл азаматты тәрбиелегеніңіз үшін Сізге шын жүректен алғыс айтамын. Баспасөз бетіндегі сұхбатыңызды оқып шықтым. Михаилдан мейірімді аямай, талантты перзентіңіздің спорттағы ерекше миссиясына титтей де күмән келтірмей, әкелік парызыңызды адал әрі лайықты атқардыңыз. Биік шыңға апарар бұралаң жолдан бірге өттіңіздер. Енді сол табан ақы, маңдай тердің жемісін көріп, құрмет пен қошеметке бөленіп жатсыздар. Бүгінде халқымыз Сіздерді ардақ



тұтады. Отаншылдықтың нағыз үлгісін көрсеткендеріңіз үшін еліміз Сіздерге ризашылығын білдіреді. Жұртшылықтың алғаусыз алғысы мен құрметіне мен де қосыламын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент чемпионның бапкері, әйгілі спортшы, 1994 жылғы Олимпиада жеңімпазы, әлем чемпионы Алексей Урмановқа ыстық ықыласын білдірді.

– Мәнерлеп сырғанау спортындағы білікті маман ретінде ерен жетістіктеріңізді жалғайтын лайықты ізбасар дайындадыңыз. Сол үшін Сізге зор алғыс айтамын. Сонымен бірге табысқа салталық министрлік, федерация, сондай-ақ атақты боксшымыз, жақында есімі Дүниежүзілік бокс даңқы залына жазылған Геннадий Головкин басқаратын Ұлттық Олимпиада комитеті елеулі үлес қосты. Отандастарымыз спорттық бәсекенің қиындықтарын, әсіресе, еркін бағдарламадан кейінгі Михаилдың күрделі жағдайын тебіреніспен бақылап отырды. Бірақ ол тәуекелге барып, жер-жаһанның басты байрақты бәсекесіндегі жеңісті құлып алды. Бұл да кездейсоқ емес. Өзіне берілген жалғыз

мүмкіндікті екінің бірі сәтті пайдалана алмайды. Әдетте жарысқа түскенде «бақ шаба ма, бап шаба ма» деп жатады. Бірақ «еңбек – бәрін де жеңбек» деген ұлағатты да ұмытпайық. Михаилдың жеңісі мыңдаған жастарымызды спортпен шұғылдануға жігерлендірді. Еңбек етсең, ерік-жігерің мұқалмай, батыл әрекет қылсаң, кез келген, тіпті қол жетпестей көрінетін арманның өзі орындалатынына сенім күшейтті. Бүгінде еліміздегі мыңдаған ұл-қыз Михаил Шайдоровқа қызыға қарап, еліктейді, даңқты спортшы болғысы келеді. Демек еліміздің ұландары әлемдік спорттың биігінде жарқырай көрінетін күн алда. Барша Олимпиада чемпиондарының аты әлем спортының жарна-масына жазылады, олардың жетістіктері Лозаннадағы Халықаралық Олимпиада комитетінің музейінде тіркеледі. Енді түрлі елдің туристері Михаил Шайдоровтың 2026 жылғы Олимпиададағы тамаша жеңісі мұраley білетін болады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет тарапынан бұқаралық және кәсіби спорттың дамуына қолайлы

жағдай жасалатынын айтты. Бұл – мемлекеттік саясаттың басым бағыты.

– Олимпиададағы нәтиже әрқашан ел дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі саналған, алдағы уақытта да солай бола бермек. Қазақстан осы жарыстарға қатысқан спортшылардың саны жағынан 25-орынға табан тіреді. Біз алдына мақсат қойған әр еңбеккер жан өзінің қабілет-қарымын көрсете алатын, соның ішінде спортта көздеген биігіне жетуі үшін мол мүмкіндікке жол ашатын Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Адал бәсеке, меритократия, тәртіп пен жауапкершілік, бұл – үлкен спорттың да, кез келген қуатты мемлекеттің де діңгегі. Ұлттық жасампаздық қуатын арттыру республикалық референдумға шығарылған жаңа халықтық Конституция жобасының негізгі мазмұндық өзегі болып отыр. Ата Заңдағы әділдік, тәртіпке бағыну, табиғатты аялау, отаншылдық қағидаттары мемлекет іргесін бекемдеп, өркендеудің қозғаушы күшіне айналады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, мемлекеттердің дамуы да үлкен

спортқа ұқсас: кім алдына биік мақсат қояды, табанды еңбек етеді, бірлесіп жұмыс істейді, сол жетістікке жетеді.

– Бүгін біз жеңіске жетуге бар күш-жігерін жұмсап, жеке рекордтарын жаңартқан Михаил мен ұлттық құрама мүшелерін құттықтаймыз. Кейбір спортшыларымыз осындай ауқымдағы жарысқа алғаш рет қатысса да, олар лайықты өнер көрсетті. Көптеген спортшымыз өздері сыңға түскен сайыста үздік оңдыққа өнді. Бұл болашақтағы табыстарға жол ашады. Азаматтарымыздың халықаралық деңгейдегі жетістіктері, мейлі, ол спортта немесе оқушылар мен студенттер олимпиадасында, өнерде, тіпті басқа салаларда болсын, еліміздің өркендеп келе жатқанын көрсетеді. Таяуда Милан мен Кортинада Қысқы Паралимпиада ойындары басталады. Спортшыларымызға сәттілік тілеймін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, екі жылдан кейін атлеттеріміз Лос-Анджелесте өтетін Жазғы Олимпиада ойындарына қатысатынын еске салды.

– Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық Олимпиада комитеті, федерациялар бірлесе жұмыс атқарып, құрама мүшелерін жан-жақты қолдауға тиіс. 2029 жылы Алматы қаласында өтетін Қысқы Азия ойындарына ерекше назар аудару қажет. Ойындар ең жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек. Бұл – Қазақстандағы спорттың дамуына тың серпін беріп, экономика мен туризм салаларына оң ықпал ететін өте маңызды іс-шара, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент XXV Қысқы Олимпиада ойындарындағы жетістіктері үшін Михаил Шайдоровты ІІ дәрежелі «Барыс» орденімен, бапкері, жаттықтырушы-кеңесші Алексей Урмановты ІІ дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады. «Құрмет» ордені Қазақстан Республикасының мәнерлеп сырғанаудан ұлттық құрама командасының бас жаттықтырушысы Әсем Қасановаға, мәнерлеп сырғанаудан жаттықтырушы Станислав Шайдоровқа, Қазақстандық конькимен мәнерлеп сырғанау одағының президенті Бауыржан Ералыға табысталды.

Олимпиада чемпионы Михаил Шайдоров көрсеткен қолдауы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барша отандасымызға ризашылығын білдірді.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Бұл кездесуге Олимпиада чемпионы ретінде қатысу – мен үшін зор мәртебе. Алтын медаль – менің ғана емес, ата-анамның, бапкерлерімнің және мен үшін алаңдап, қолдау көрсеткен барша қазақстандықтың жеңісі. Бұл аянбай тер төгіп жұмыс істесең, жақын жандардың махаббаты мен сенімі болса, армандардың орындалатынын көрсетеді. Президент мырза, Сіздің қолдауыңыздың арқасында спортшылар үлкен жетістіктерге, жаңа тарихи рекордтарға қол жеткізіп жүр. Мен Олимпиада алтынымен шектелмеймін. Алдында ұзақ жол бар. Елімің сенімін ақтап, жас ұрпаққа үлгі болып, халқымыздың мерейін үстем еткім келеді. Рахмет Сізге! Сүйікті Отаным, Қазақстанға қызмет етемін, – деді Михаил Шайдоров.



КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП

Алтынкөл – Қорғас торабының өткізу қабілеті екі есеге жуық арттады



Мемлекет басшысының еліміздің көлік - транзиттік әлеуетін дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде негізгі инфрақұрылымдық тораптарды жүйелі жаңғырту жұмыстары жалғасуда.

Алтынкөл станциясы мен Қорғас шекаралық өткелі бірыңғай теміржол-шекаралық кешенді құрайды және халықаралық көлік дәлізінің маңызды буыны болып табылады. Аталған торап елдің транзиттік әлеуетін арттыруда ерекше рөл атқарады.

Алтынкөл – Қорғас торабы арқылы экспорт-импорт және транзиттік жүк тасымалының едәуір көлемі жүзеге асырылады. Инфрақұрылым жүктерді жедел өңдеуді, контейнерлерді қайта тиеуді және екі мемлекеттің теміржол қызметтерінің үйлесімді жұмысын қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта ауқымды жаңғырту бағдарламасы іске асырылуда. Алтынкөл – Жетіген учаскесінде жалпы ұзындығы

32 шақырымды құрайтын екі аралықта екінші жолдардың құрылысы жалғасуда, сондай-ақ, 5 жаңа және 8 қолданыстағы айырықты дамыту жұмыстары жүргізілуде. Бұл желінің өткізу қабілетін тәулігіне 18 жүп пойыздан 33 жүп пойызға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитетінің төрағасы Нұржан Амангелдинұлы Келбұғанов жұмыс сапары аясында станциядағы жобалардың іске асырылу барысымен танысты.

Жобаларды аяқтау 2026 жылға жоспарланған. Оларды іске асыру Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы транзиттік көпір ретіндегі стратегиялық рөлін күшейтіп, ұлттық көлік-логистика жүйесінің тиімділігін арттырады.

ДЕРЕККӨЗ: ҚР КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕСМИ САЙТЫ.

Жетісу облысында 8 наурыз қарсаңында бір отбасы 60 мың қызғалдақ өсірді

Жетісу облысының тұрғыны тіршілігін гүлмен байланыстырып, маңайын гүлге толтырды. Ол жолдасымен бірге ауласындағы жылыжайда бес жылдан бері альстромерия мен қызғалдақ өсіріп келеді. Биыл олар Халықаралық әйелдер күні – 8 наурыз мерекесіне орай 14 түрлі сортты 60 мың түп гүл қауызын баптап өсірді. Көктем мерекесінде жұртшылыққа гүл ұсынсақ деген ниетпен талпынып жүрген отбасының еңбегі зор, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Көксу ауданы, Мұқыры ауылының тұрғыны Балжан Нүсіптің жылыжайына көктем ерте жеткен. Ауада балғын гүлдің хош иісі аңқып, көздің жауын алатын алуан түстер көңіл қуантады. Жылыжайда сары, қызыл, ақ, алқызыл, қызғылт, ала гүлдер жайқалып өсіп тұр. Қыстың суығынан арылар шақта қызғалдақтарға сүйсіне қараудың өзі – нағыз мереке. Алайда, мұндай сұлулықты жасау үлкен еңбек пен төзімділікті қажет етеді.

– Бастапқыда біз басқалардан алған гүлдерді көтерме бағамен сатып жүрдік. Кейін оларды өзіміз өсірсек деген ой келді. Әрине, ол үшін тәуекелге баруға тура келді. Өз қаражатымызды салдық, түрлі сынақтардан өтіп, қателік жасай жүріп, әр жолы жаңа білім мен тәжірибе жинақтап, гүл шаруашылығын ақыры жолға қойдық. Мұның бәрі отбасымның қолдауының арқасында іске асты, жұбайым, енем, балаларым әрдайым жанымнан табылды, – деген көпбалалы ана сөзін одан әрі сабақтады:

– Алғашында, 2022 жылы біз бұл істі альстромерияны, яғни, перу лалагүлін өсіруден бастадық. Бұл нәзік гүлдің түсі алуан түрлі, жеке дара да, басқа гүлдермен үйлесімде де өте әдемі көрінеді. Ол кесіліп алынғаннан кейін де ұзақ уақыт бойы өңін жоғалтпайды. Ал, 2023 жылдан бастап голландиялық тұқымдар сатып алып, қызғалдақ өсіруді де қолға алдық. Өткен жылы 40 мың түп гүл өсірсек, биыл оның саны 60 мыңға жетті, – дейді кәсіпкер-гүл өсіруші.

Гүл бизнесін жүргізуге бүкіл отбасы атсалысады, олардың әрқайсының өз міндеті бар. Жұбайы Самат Жұмағұлов пен үлкен ұлдары қайратты күшті қажет ететін жұмыстарға көмектессе, ал, отбасындағы әйелдер жағы гүлдерді



отырғызып, күтіп-баптаумен, дайын өнімді қаптаумен айналысады.

– Отбасылық істің берік болуы – бәріміздің бір кісідей жұмылғанымыздың арқасы. Үлкен немерелерім бос уақытында көмектеседі, кішілерін де біртіндеп еңбекке баулып жүрміз. Әркімнің өз міндеті бар. Келін шаруамен айналысып жатқанда, бәріміз қолғабыс етеміз. Балалардың талпынып, тырысып жүргенін көргенде, ең бастысы бизнес емес, еңбек ете білу, еңбекті қадірлеу, туған жерді сүю екенін түсінесің, – дейді Асылхан Омарбекқызы.

Жылыжайдағы жұмыс таң сәріден басталады, әрі температуралық режимді тәулік бойы бақылап отыру қажет.

– Отырғызған сәттен бастап қызғалдақтар үздіксіз күтімді қажет етеді. Алдымен пиязшықтарды салқындатып аламыз, бұл олардың өсуін жылдамдатады. Отырғызуға қажетті құрамды топырақты дайындаймыз. Содан кейін температураны біртіндеп көтереміз. Біз желтоқсан айында отырғыза бастаймыз, сонда ақпанда берік бүршіктер дайын болады. Кейін 3–4 күн сайын тамшылатып суару жүйесі арқылы суарамыз. Температура +10 градустан төмен болмауы тиіс. Таңертең ерте гүлдер ашылып кетпей тұрып жинап аламыз, кейін бұл жұмысты түстен кейін сағат 3-тен кешкі 7-ге дейін жалғастырамыз. Күніне 5–7 мың гүл жинаймыз. Дайын гүл шоқтарын пиязшығымен бірге қаптап, салқын қоймаға сақтауға жөнелтеміз. Бұл істегі ең маңыздысы адамның жылуы деп ойлаймын. Таңертең жылыжайға кіргенде алдымен гүлдермен амандасып, оларға жылы сөз айтамын. Сонда өзімің де көңіл күйім көтеріледі, гүлдер де жақсы өседі, – дейді Асылхан апа.

– Қызғалдақтар расында да күйзелістен арылуға көмектеседі. Жылыжайда жұмыс істеп, гүлдерді кесіп жүргенде көңіл күйіңнің қалай көтерілгенін байқамай да қаласың, – дейді келін енесінің сөзін құптап. – Бұл ең алдымен гүлдердің қанық, жарқын түсімен байланысты болса керек. Ұзақ қыстан кейін жайнаған қызғалдақтар біз үшін – жай ғана гүл емес, көктем келгеніңіз белгісіндей, – дейді Балжан.

Айта кетейік, отбасының ұй жанындағы жылыжайының жалпы аумағы 8 сотық. Қазіргі таңда отбасы мүшелерінен бөлек, мұнда тағы төрт жергілікті тұрғын жұмыспен қамтылған.

Жылыжайларымыздағы альстромериялардың басым бөлігі жиналып болды, бірақ өсімдікке күтім жасай береміз, өйткені перу лалагүлі жыл бойы гүлдейді. Ал қызғалдақтар алдағы 8 наурыз мерекесінде Жетісу аруларын қуантуға дайын. Гүлдерді негізінен Талдықорған қаласының гүл дүкендеріне, сондай-ақ, облыс көлемінде саудаға шығарамыз. Отбасымыз өсірген гүлдер Жетісу тұрғындарына жылылық пен қуаныш сыйлайды деп сенеміз. Өйткені, біз оларды жанымызды салып, сүйіспеншілікпен баптап өсіріп отырмыз, – дейді Балжан Құдайбергенқызы.

Бұл еңбеккер отбасының тарихы – күнделікті жұмысқа деген адалдық, жақындарының бір-біріне қолдау көрсетуінің және өзара сенімінің айқын айғағы.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

Жетісуда жас кәсіпкер қол ашытқымен пісіретін нан өндірісін жолға қойды

Жетісу облысында жас кәсіпкер қолдан пісіретін нан өндірісін жолға қойды. Мамандығы экономист бола тұра, наубайшы кәсібін өз бетінше меңгерген ол «тірі» қол ашытқыларды ғана пайдаланып, ашытқы (дрожж) қоспай дайындалатын «пайдалы» нанның жеті түрін өндіруде. Қазіргі таңда кәсіпорында жергілікті ұнды пайдалана отырып, күніне 350-ге жуық өнім дайындалады. Дайын өнім облыс орталығындағы 25 дүкенге жеткізіледі. Алдағы уақытта кәсіпкер өнім түрлерін көбейтіп, өндіріс көлемін ұлғайтып, республикалық деңгейге шығуды жоспарлап отыр, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ерболат Еренталов жұмыс күні ыстық нанның аңқыған иісінен басталатынын айтады. Он сегіз жасынан бастап кәсіпкерлікпен айналысып келе жатқан ол шағын болса да, өз наубайханасын ашуды ұйғарды. Нарықтағы сұранысты зерттеп, нан-тоқаш өнімдерін өндірумен айналысқан жөн деп шешкен. Алдымен алты ай бойы Алматы қаласында білім алып, тәжірибе жинақтап, нағыз үй нанының дәмін сезіндіретін өнім дайындаудың қыр-сырын меңгерді.



– Нан өндірісі саласында жаңалық ашу мүмкін емес сияқты көрінеді. Бірақ мен Талдықорған қаласының нарығын зерттей келе, өз орнымды тауып, қаламызда жоқ қол наны өндірісін жолға қойдым. Яғни, баршаға таныс өнімді жаңартып, табиғи әрі пайдалы ете түсуге болады. Менің құпиям қарапайым, бар болғаны табиғи

ашытқы, қоспасыз, тек табиғи ингредиенттер ғана қолданамын. Біздің шағын наубайханамыз жаз мезгілінен бері жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда тұрақты түрде алты адам еңбек етеді. Барлығымыз бірлесіп, бұл бастаманы үлкейтуге, пайдалы іске айналдыруға күш салып жатырмыз, – дейді жас наубайшы.

– Нан бізді отбасымыздың тарихымен, салт-дәстүрімізбен, мәдени мұрамызбен байланыстырады. Сондықтан наубайхана атамның есімін бердім, – деп сөзін жалғастырады Ерболат. – Қол ашытқымен дайындалатын нан пісіруге көбірек уақыт кетеді, өйткені үдерістің басым бөлігі қолмен атқарылады. Біз тек қамыр илейтін құрылғыны ғана қолданамыз. Ашытқының орнына табиғи ашытқы пайдаланамыз. Қамырдың ұзақ уақыт ашытылуының арқасында өнімнің ішкі құрылымы кеуекті, қыртысы қытырлақ, ал иісі ерекше әрі қанық болады. Қазіргі таңда біз тартын нанын, дөңді және мүкжидек қосылған нан, дөңді багет, бордино наны мен қара бидай нанын, чиабатта және қарақұмық чабаттасын пісіреміз. Сонымен қатар күн сайын 60 бөлше әлеуметтік нан пісіреміз. Сұраныс болса, круасан, синнабон, прэндик, самса және басқа да түрлі нан-тоқаш өнімдерін дайындауға мүмкіндігіміз бар. Қажетті құрал-жабдықтарымыз да, өсіп-өркендеуге деген ниетіміз де жеткілікті.

Тағы бір ерекшелігі – наубайханада дайын нан қарқынды мұздату әдісінен өткізіледі. Соның арқасында өнімді алыс жерлерге

тасымалдауға мүмкіндік бар.

– Қазіргі уақытта наубайханамыздың өнімі тек Талдықорған қаласында сатылып жатыр. Алдағы уақытта облыстық, республикалық деңгейге шықсақ дейміз. Ол үшін ең алдымен сапалы әрі пайдалы өнім өндіруге бар күшімізді салып келеміз. Әрине, мемлекет тарапынан қолдау болса, өндірісті кеңейтіп, ассортиментті ұлғайтуға дайынбыз. Әр адам өмірде өз орнын тауып, табысқа жете алады деп санаймын. Ол үшін өз ісінді сүйіп, оны жан-тәнімен беріле істеуің керек, – деп түйіндеді сөзін Ерболат.

Ерболаттың талпынысының тарихы – Талдықорған қаласындағы шағын және орта бизнестің дамуының жарқын мысалдарының бірі.

Бұл ретте атап өтсек, Талдықорған қаласының шағын және орта бизнес саласында шамамен 21 мың кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді, ал бұл салада жұмыспен қамтылғандар саны 40,9 мың адамға жеткен.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

ТУРИЗМ

ЖЕТИСУДА БАЛҚАШ КӨЛІНДЕ АЛҒАШ РЕТ ҚЫСҚЫ БАЛЫҚ АУЛАУ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Жетісу облысында туризмді дамыту аясында Балқаш көлінің жағалауында алғаш рет «Balkhash Winter Fishing – 2026» қысқы балық аулау фестивалі өтті. Фестивальға еліміздің әр өңірінен келген әуесқой балықшылар қатысты. Атап айтқанда, шарада Астана, Алматы, Өскемен, Талдықорған қалаларынан, сондай-ақ, Үндістан мен Якутиядан келген тревел-блогерлер қонақ болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Туристтік іс-шара Жетісу облысының туризм басқармасы мен «Visit Zhetysu» туристік ақпараттық орталығының ұйымдастыруымен, Сарқан ауданы әкімдігінің қолдауымен өтті. Фестивальдің негізгі мақсаты – өңірдің қысқы туристік әлеуетін паш ету және Балқаш көлін тек жазғы демалыс орны ретінде ғана емес, жыл бойы саяхат жасауға қолайлы бағыт ретінде насихаттау. Сонымен қатар шара барысында экологиялық мәселеге де ерекше назар аударылды: табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға, жауапкершілікті туризм мәдениетін қалыптастыруға басымдық берілді.

– Президент тапсырмасын орындау мақсатында Жетісу облысында туризмді ілгерілету



бағытында жүйелі шаралар қабылдануда. Бұл ретте туристік әлеуеті зор Балқаш көлі жағалауын дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Ең алдымен көлік жолы мәселесі шешілді. Бұдан кейін Бас жоспар мен жағалау аймағын егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы әзірленді. Көл жағалауын дамыту жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде инженерлік инфрақұрылымды жетілдіру, санитарлық жағдайды жақсарту

және қауіпсіздікті күшейту шаралары қолға алынған. Бүгінгі қысқы балық аулау фестивалі Балқаш көлі мүмкіндіктерінің ауқымын айқын көрсетеді. Қыс мезгілінде де бұл бағыт туристер арасында жазғы маусымдағыдай танымал бола алады, - деп атап өтті облыстық туризм басқармасының басшысы Сәкен Түкібаев.

Мұз үстінде балық аулау ережелерімен танысқан қатысушылар төрт сағат бойы

балық аулады. Ниет білдірушілерге арнап жел өтпейтін шатырлар тігіліп, оларға қармақ пен түрлі жем ұсынылды, сондай-ақ, мұзды бұрғылап, ойық жасауға көмек көрсетілді. Қолдау ретінде ыстық шай беріліп, жылынып алулары үшін киіз үй тігілді. Фестиваль қорытындысында бірнеше аталым бойынша жеңімпаздар анықталды: алғаш ұсталған балық үшін «Балқаш олжасы», ең ірі балық үшін «Алтын олжа», ең көп ауланған балық үшін «Мұз патшасы» номинациялары берілді. Әр жеңімпазға арнайы диплом мен естелік сыйлықтар, сол сияқты қатысушылардың барлығына алғыс хаттар табысталды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Балқаш көлінде өткен қысқы балық аулау фестивалі табиғатты, белсенді демалысты, таза ауадағы шынайы қарым - қатынасты бағалайтын жандар үшін нағыз мерекеге айналды.

Қысқы фестиваль туралы ой-пікірін ортаға салған қатысушылардың бірі алматылық Әсел Құбашева:

- Мен қай жаққа шықсам да ең бірінші инфрақұрылымына мән беремін. Мұнда біз Алматыдан шаршамай жылдам жеттік, яғни жол өте жақсы. Аңшыға да, балықшыға да, саяхатшыға да ең алдымен қажет дүние осы ғой.

Шаршамай-шалдықпай жетуі, барған жерде қолайлы жағдай болуы аса маңызды. Фестиваль бірінші рет өтіп жатса да жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Келешекте мұнан да ауқымды бола түседі деп сенемін, - деді ол.

Әселден басқа бұл шараға елуге жуық инфлюенсер келді. Олардың қатарында еліміздің әсем табиғатына қызыққан бірнеше шетел азаматы да бар.

- Мен осы елдің көрнекті жерлерінде бірнеше мәрте болдым. Маған Көлсай көлі, Шарын шатқалы, Алакөл көлі керемет ұнайды. Енді, міне, Балқаш көлінің қыста кейпін де көрдік. Бұл жердің туристік әлеуеті зор. Жазда тағы бір келіп көру керек, - дейді үндістандық студент, тревел-блогер Шах Хусайб.

Сөйтіп, «Balkhash Winter Fishing» жай ғана іс-шара емес, ол Жетісу өңірінің брендин қалыптастыруға бағытталған жүйелі стратегияның бір бөлігі дегуге болады. Бұл бастама дәстүрлі туристік бағыттарды дамытуға және жаңа туристік маршруттарды қалыптастыруға ықпал етеді.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф:
Қанат ӨМІРӘЛИНОВ..

VERTU КОМАНДАСЫНЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ



Астана қаласында 10–14 ақпан күндері өткен халықаралық FIRST жарысында Орта Азияның және өзге елдердің (Вьетнам, Эстония, Гонконг, Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан) үздік командалары бас қосты. Дүбірлі додада біздің жерлестеріміз, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясының «VERTU» командасы білім мен табандылықтың жарқын үлгісін көрсетіп, зор жетістікке қол жеткізді. Олар робототехникадан «Discover» санаты бойынша I орын иеленіп, Кубок пен «Dreamer Award» марапатын жеңіп алды. Сонымен қатар «Explore» санатында «Team Poster Award» жүлдесіне ие болды. Команданың білікті жетекшілері — Қазбанбетов Алпамыс Мұхаметәліұлы мен Тоғасова Нұрғүл Есмұратқызы шәкірттерінің қабілетін шындап, үлкен додаға лайық дайындай білді.

Халықаралық деңгейде топ жарған ауылдан шыққан алғыр, дарынды, жастары небәрі 1–3 сыныпта оқитын жас өнертапқыштардың есімдерін мақтаншыпен атап өткен жөн: Мұхаметәлі Айбол Алпамысұлы, Есмұрат Әлім Ермеқұлы, Мұрат Азим Асқарұлы, Сергеев Юрий Юрьевич, Мұхаметәлі Алдияр Алпамысұлы, Есмұрат

Әлихан Ермеқұлы. Бұл жеңіс — тек жүлде ғана емес, ауыл мектебінің де әлемдік технологиялық бәсекеде өз орнын айқын дәлелдей алатынын көрсететін айрықша нәтиже. Бұл — табандылық пен бірліктің, ғылымға деген шынайы қызығушылықтың жемісі.

Осындай жас таланттардың табысы — тәуелсіз елдің еңсесін тіктейтін, болашаққа деген сенімді арттыратын қуанышты жаңалық. Кішкентай жүректеріндегі үлкен арман, білімге деген құштарлық пен ізденіске толы қадамдар ертеңгі күні еліміздің ғылымы мен технологиясын жаңа белеске көтерері сөзсіз. Бүгін робот құрастырып, идеяларын батыл қорғаған бұл өрендер — ертең ел дамуына серпін беретін жаңашыл мамандар болмақ.

Жас өнертапқыштардың әр жетістігі — ұстаз еңбегінің, ата - ана қолдауының және туған жердің сенімінің нәтижесі. Олардың жарқын жеңісі ауыл баласының да арманы асқақ, мүмкіндігі шексіз екенін дәлелдеді. Алда алар асулары бұдан да биік, бағындырар белестері мол болғай! Жас дарындарға алдағы байқауларда да толағай табыс, шығармашылық шабыт және жаңа жеңістер тілейміз!

Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.

АУДАНЫМЫЗДА МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҮЕҰ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

27 ақпан – Дүниежүзілік ҮЕҰ күні қарсаңында Ақсу ауданында мемлекеттік құрылымдар мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы әріптестік өз нәтижесін көрсетіп отыр. Әлеуметтік маңызы бар жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылып, азаматтық сектордың әлеуеті қоғам игілігіне тиімді бағытталауда. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы бастамалар өңірдегі өзекті мәселелерді шешуге нақты үлес қосуда.

Ақсу ауданында соңғы жылдары мемлекеттік құрылымдар мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы серіктестік жаңа деңгейге көтерілді. Қалалық әкімдік әлеуметтік мәселелерді шешуде азаматтық сектордың әлеуетін тиімді пайдаланып, ортақ жобаларды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді.

Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту бөлімі жыл сайын үкіметтік емес ұйымдар арасында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде конкурс жариялайды. Бұл жүйе арқылы әлеуметтік маңызы бар жобалар қаржыландырылады.

Негізгі бағыттар:

- халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау;
 - жастар саясаты;
 - гендерлік теңдік;
 - қоғамдық келісім мен этносаралық тұрақтылық;
- Мұндай жобалар нақты индикаторлар мен өлшенетін нәтижелерге бағытталуын қамтамасыз етеді.

Ауданда мемлекеттік органдар мен азаматтық сектор арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін қоғамдық кеңестер жұмыс істейді. Бұл алаңдарда ҮЕҰ өкілдері жергілікті бюджет жобаларын, инфрақұрылымдық бастамаларды және әлеуметтік бағдарламаларды талқылауға қатысады.

Мұндай ашық формат басқару сапасын арттырып қана қоймай, халықтың сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Гүлшат БАЗАРБАЕВА,
аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы.

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!


ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ҮЕҰ өз қызметі туралы мәліметтерді ұсынуға шақырады!

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтерді ҮЕҰ Дерекқорына ұсынудың кезекті мерзімі басталғанын еске саламыз. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 41 - бабының 5 - тармағына сәйкес мәліметтер жыл сайын 31 наурызға дейін ұсынылады.

ҮЕҰ Дерекқорына мәлімет ұсыну мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік гранттар шеңберінде әлеуметтік бағдарламаларды және (немесе) әлеуметтік жобаларды іске асыруға, сондай-ақ ҮЕҰ үшін сыйлық алуға арналған конкурсқа қатысу үшін міндетті шарт болып табылады. ҮЕҰ Дерекқорында болу ұйымдарға ҮЕҰ-ның табысты жобаларымен танысуға, тәжірибе алмасуға, ынтымақтастық пен серіктестік орнатуға мүмкіндік береді.

Мәліметтер Үкіметтік емес ұйымдарымен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларына сәйкес ұсынылады.

Сіз өз ұйымыңыздың қызметі туралы мәліметтерді келесі



тәсілдердің бірімен ұсына аласыз:

1) ҮЕҰ Дерекқорының <https://esep.govtec.kz/npo> интернет-порталы арқылы (интернет - порталда авторизациядан өту ХҚКО-да алынған заңды тұлғаның ЭЦҚ кілтіннің көмегімен мүмкін болады);

2) уәкілетті органға қағаз және электрондық тасығыштарда (Word форматында CD-дисктерде немесе USB-флэш-дискетаушыларда) пошта арқылы немесе қолма-қол ұсынады (Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы,

8 «Министрліктер Үйі», 15-кіреберіс).

ҮЕҰ Дерекқорының <https://esep.govtec.kz/npo> интернет - порталына кірген кезде Сіз порталмен жұмыс істеу бойынша қадамдық алгоритм берілген нұсқаулықпен таныса аласыз.

ҮЕҰ Дерекқорына мәліметтерді ұсынбауы, уақтылы ұсынбауы және анық емес немесе көрінеу жалған мәліметтерді ұсынуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген.

«АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» ММ.

ЖЕҢІЛ ТАБЫС – АУЫР ЖАУАПКЕРШІЛІК

НЕГІЗСІЗ БАЮ МЕН ДРОПЕРЛІК ӨРЕКЕТ ТУРАЛЫ АУДАНДЫҚ СОТ СУДЬЯСЫМЕН СҰХБАТ/

Соңғы жылдары қоғамда «жеңіл табыс» ұғымы қалыпты құбылысқа айналғандай. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде «картаны берсең болды, ақша табасың», «еш тәуекелсіз табыс» деген жарнамалар көбейді. Алайда, бұл ұсыныстардың ар жағында заңды білмеудің салдары, негізсіз баю, алаяқтыққа қатысу сияқты кету қаупі және ауыр құқықтық жауапкершілік тұрғанын көп адам аңғара бермейді.

Қазіргі таңда «дровер» атанып кеткен азаматтардың тағдыры – осының айқын дәлелі. Бір қарағанда, өз шотын уақытша пайдаланып беруді ұсақ көмек немесе бейкүнә келісім деп қабылдағандар кейін сот алдында жауап беріп, негізсіз баю, алаяқтыққа қатысу сияқты айыптауларға тап болып жатыр. Бұл – құқықтық сауатсыздықтың ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік осалдықтың да көрінісі.

Негізсіз баю ұғымы заң тұрғысынан нақты анықталғанымен, қарапайым азамат үшін оның мәні мен салдары көбіне түсініксіз. Ал дроперлік әрекеттің азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін екенін көпшілік өлі

– Қазіргі таңда «дровер» ұғымы қоғамда жиі айтылып жүр. Алдымен, негізсіз баю дегеніміз не екенін түсіндіріп өтсеңіз.

– Негізсіз баю – бұл бір тұлғаның заңды негізсіз, яғни, шартсыз, келісімсіз немесе заңда көзделмеген басқа себептермен басқа тұлғаның мүлкі немесе қаражаты есебінен пайда табуы. Мысалы, егер адам басқа біреудің ақшасын немесе мүлкін ешқандай құқықтық негізсіз иеленіп, соның есебінен байыса, бұл негізсіз баю болып саналады. Негізсіз баюға байланысты міндеттемелердің туындауы үшін үш шарт орындалуы қажет: 1. Байытудың болуы; 2. Байытудың басқа тұлғаның есебінен жүзеге асуы; 3. Бұл байытудың заңды негізінің болмауы. Мұндай жағдайда негізсіз алынған мүлік немесе ақша заң талаптарына сәйкес өз иесіне қайтарылуға тиіс.

– Ал, «дровер» деген кім?

– Дровер – бұл өз банктік шотын, төлем картасын немесе дербес деректерін үшінші тұлғаларға беріп, сол арқылы заңсыз ақша айналымына қатысатын адам. Көп жағдайда дроперлер алаяқтық жолмен алынған қаражатты аудару және қолма-қол ақшаға айналдыру үшін пайдаланылады. Мұндай әрекеттер заңсыз болып табылады және банк шотын берген тұлға да заң алдында жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

– Аудандық сотта мұндай істер жиі қарала ма?

– Өкінішке қарай, иә, соңғы жылдары негізсіз баю санаты бойынша қаралатын азаматтық істердің саны артты. Әсіресе, интернет-алаяқтыққа байланысты негізсіз баю фактілері жиі тіркелуде.

– Кейбір азаматтар «ақшаны мен алған жоқпын, тек картамды бердім» деп айтады. Бұл жауапкершіліктен босата ма?

– Жоқ, босатпайды. Соттар мұндай істерді қарау ба-рысында іске үшінші тұлға



де жете сезінбейді. Соның салдарынан біреудің ақшасы жоғалып, біреудің тағдыры күйреп жатыр.

Осы өзекті мәселенің құқықтық қырын тереңірек ашу, қоғамға нақты түсінік беру және алдын алу мақсатында біз аудандық соттың судьясы Ахат Темірлан Қайратұлымен сұхбаттасқан едік. Сұхбат барысында дровер деген кім, негізсіз баю қалай анықталады, азамат қандай жағдайда жауапкершілікке тартылады және өз құқығын қалай қорғауға болады деген маңызды сауалдарға жауап іздедік.

Төмендегі сұхбат – заң тілін қарапайым халыққа түсінікті етуге, азаматтарды ойландыруға және қателіктен сақтандыруға бағытталған.



ретінде банк өкілдерін тартады және тараптардың банк шоттарындағы ақша айналымы туралы мәліметтерді сұратады. Егер талап қоюшының шотынан жауапкердің шотына ақша аударылғаны дәлелденсе және тараптар арасында қандай да бір келісімшарт болмағаны анықталса, онда бұл қаражат қайтарылуға жатады. Себебі, әрбір азамат өз атына ашылған жеке банк шоты мен дербес деректерінің сақталуына өзі жауап береді.

– Сот тәжірибесінде көбіне қандай азаматтарға қатысты негізсіз баю істер болып отырады?

– Көбіне мұндай жағдайларға жасар мен жұмыссыз азаматтар тап болады. Қазіргі таңда интернет дамыған заманда әлеуметтік желілер мен түрлі платформаларда «жеңіл ақша табу», «үйде отырып табыс табу» сияқты жарнамалар жиі кездеседі. Өкінішке қарай, көптеген жасар осындай алаяқтардың құрбанына айналып жатады. Сонымен қатар, кейбір жасар мән - жайды толық түсінбестен, достары мен таныстарына өз атына банк шо-

тын ашып беруге немесе оны пайдалануға рұқсат етіп жатады. Алаяқтар әдетте осылайша бірнеше адамның банк шоттарын пайдаланып, ақша қаражатын бір шоттан екіншісіне аудару арқылы ізін жасырады. Соңында қаражат шетел азаматтарының шоттарына аударылып кетеді. Ал, нәтижесінде өз шоттарын пайдалануға берген азаматтар заң алдында жауап беріп, зардап шегіп жатады.

– Қарапайым азаматтарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Өз атыңызға ашылған банк карталарын және жеке деректеріңізді ешкімге бермеңіздер. Сондай-ақ, басқа біреудің өтінішімен өз атыңызға банк шотын ашып беруден бас тартыңыздар. Абай болып, қаржылық қауіпсіздік талаптарын сақтаңыздар.

– Уақытыңызды бөліп, түсіндіре бергеніңізге рақмет.

– Сіздерге де рақмет. Мұндай ақпарат азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға көмектеседі.

Сұхбаттасқан
Ербол СЫМХАНОВ.

ҚҰРМЕТ - ТӘРБИЕ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ БЕЛГІСІ

Қазақстанда 9 ақпан - 8 наурыз аралығында әйелдерге зорлық - зомбылық көрсетуге қарсы республикалық ақпараттық науқан басталды. Іс - шара некеге мәжбүрлеу, stalking және әйелдерге қатысты өзге де зорлық - зомбылыққа төзбеу қағидатын қалыптастыруға және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталды. Науқанның мақсаты – әрбір әйел мен қыз бала үшін қауіпсіз орта қалыптастыру, зорлық - зомбылыққа жол жоқ екенін және бұндай әрекет міндетті түрде жауапкершілікке әкелетінін көпшілікке насихаттау. Науқан аясында мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында және еңбек ұжымдарында кездесулер өтеді. Сонымен қатар заңгер, полиция қызметкерлері мен психологтардың қатысуымен дәрістер, жастарға арналған жеке шекара және қауіпсіз орта туралы тренингтер, ата - аналармен балаларды қысым мен манипуляциядан қалай қорғау қажеттігі туралы кездесулер ұйымдастырылады. Науқан аясында «QURMET» челленджі жарияланады. Қатысушылар әлеуметтік желілерде фото, бейне және қысқа мәтіндер жариялап, құрмет пен жеке шекара ұғымы туралы өз пікірін бөлісе алады. Зорлық - зомбылық – қоғамдағы ең күрделі әрі ауыр мәселелердің бірі. Өкінішке қарай, көптеген әйелдер тұрмыстық, психологиялық, экономикалық немесе физикалық зорлық - зомбылыққа ұшырап жатады. Мұндай жағдай тек жәбірленушіге ғана емес, оның балаларына, отбасы мүшелеріне және куәгерлерге де ауыр әсер етеді. Сондықтан зорлық - зомбылық жағдайында қалай әрекет ету керектігін білу – әр адам үшін маңызды. Осыған байланысты әйелдер мен куәгерлерге төмендегідей практикалық кеңестер ұсынамыз!

Егер Сіз куәгер болсаңыз, не істей аласыз?

Зорлық - зомбылықты көрсеңіз немесе естісеңіз, полицияға хабарласыңыз;

Жәбірленушіні айыптамаңыз, керісінше қолдау көрсетіңіз. Оған көмек ұйымдарының байланыс нөмірлерін ұсыныңыз. Қауіпсіз жағдайда болсаңыз, куәлік беруге дайын болыңыз. Егер сіз немесе жақындарыңыз зорлық - зомбылыққа, қудалауға немесе некеге мәжбүрлеуге тап болса, 102 – полиция, 111 – Ұлттық сенім телефоны, өңірлердегі Отбасын қолдау орталықтары мен дағдарыс орталықтарына хабарласа алады.

Қорытындылай келе, зорлық - зомбылыққа төзуге болмайды. Көмек сұрау – әлсіздік емес, бұл өз өміріңіз бен қадір - қасиетіңізді қорғау. Қоғам ретінде біз жәбірленушілерді қолдап, үнсіз қалмауымыз керек. Әр әйел қауіпсіз өмір сүруге лайық.

Балауса ДЕМЕСІНОВА,

"Жанұя" отбасын қолдау орталығының психологы.

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ - ЗОМБЫЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ

Қазақстан аумағында ағымдағы жылдың 9 ақпан-8 наурыз аралығында некеге мәжбүрлеу, stalking және әйелдерге қатысты өзге де зорлық-зомбылық түрлеріне қатысты құқықтық сауаттылықты арттыру және нәлдік төзімділікті қалыптастыру жөніндегі ақпараттық науқаны жүргізілуде.

Атап айтатын болсақ «Stalk» сөзі ағылшын тілінен шыққан. Қазіргі құқықтық мағынасы «Stalking» адамды қасақана аңду, үнемі мазалау, қорқыту, рұқсатсыз бақылау, әлеуметтік желіде қудалау сияқты әрекеттерді білдіреді. Елімізде 2024 жылы Қылмыстық кодекске stalking дербес қылмыс ретінде енгізілді. Болашақта осындай болған жағдайда үнсіз қалмасақ жәбір көрсеткенге Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 115-1 бабы бойнша қылмыстық жауапкершілік көрсетілген.

Егер Сіз немесе жақындарыңыз зорлық-зомбылыққа, қудалауға немесе некеге мәжбүрлеуге тап болса, 102 – полиция, 111 – Ұлттық сенім телефоны, өңірдегі Отбасын қолдау орталықтарына хабарласу керек.

Х.КУЗЕМБАЕВ,
«Жанұя» отбасын қолдау орталығының заңгері.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМҒА ТӨНГЕН ҚАТЕР

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды үйлестіруші негізгі орган – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі. Агенттік құқық бұзушылықтардың алдын алу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, жемқорлық тәуекелдеріне талдау жасау бағытында ауқымды жұмыстар атқаруда. Алайда, бұл күрестің нәтижелі болуы тек уәкілетті органдардың жұмысына ғана емес, әр азаматтың құқықтық мәдениетіне де байланысты.

Сот жүйесіндегі адалдық – әділдіктің негізі. Иә, сот – әділдіктің айнасы. Азаматтар сотқа өз құқықтарын қорғау үшін жүгінеді. Сондықтан сот жүйесінде тазалық пен ашықтық қағидаттары қатаң сақталуы тиіс. Аудандық соттың аға сот приставы ретінде біздің негізгі міндетіміз – сот ғимаратындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, сот

отырыстарының қауіпсіздігін сақтау және сот актілерінің орындалуына жәрдемдесу.

Сот приставының қызметінде парасаттылық, бейтараптық және заңдылық қағидаттары ерекше маңызға ие. Қызмет барысында кез келген заңсыз ұсыныстарға, материалдық немесе өзге де пайда көздейтін әрекеттерге жол берілмеуі тиіс. Әрбір қызметкер өз іс-әрекеті үшін жеке жауапкершілік арқалайды.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте жазалау шараларынан гөрі алдын алу тетіктері тиімдірек және азаматтардың өтініштерін уақтылы және заң шеңберінде қарау маңызды.

Құқықтық сауаттылықты арттыру – жемқорлықтың алдын алудың негізгі құралдарының бірі. Әрбір азамат өз құқығын білген жағдайда, заңсыз әрекеттерге төзбеушілік танытады.

Сонымен қатар, қоғам тарапынан бақылау жасау, бұқаралық ақпарат құралдарының белсенділігі, азаматтық ұстаным – жемқорлықпен күрестегі маңызды факторлар. Әрбір азамат заңсыз әрекеттерге куә болған жағдайда, тиісті органдарға хабарлауы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – үздіксіз процесс. Ол тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның бірлескен іс-қимылына талас етеді. Әр мемлекеттік қызметші өз қызметін адал атқарса, заң үстемдігі қамтамасыз етіліп, азаматтардың мемлекетке деген сенімі нығаяды.

Адалдық – абыройдың негізі. Біз әділдік пен заңдылықты басты құндылық ретінде ұстанып, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыруымыз қажет. Сонда ғана құқықтық мемлекет құру жолындағы мақсаттарымызға қол жеткізе аламыз.

Ерік НАМАЗБЕКОВ,
аға сот приставы.

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кері әсер ететін, қоғамның құқықтық санасын әлсірететін, әділдік қағидаттарына нұқсан келтіретін қауіпті әлеуметтік құбылыс. Ол мемлекеттік басқару жүйесіне деген сенімді төмендетіп, азаматтардың заңға деген құрметін әлсіретеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – әрбір мемлекеттік қызметшінің ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті.

Біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жүйелі түрде жүргізілуде. Бір бағытта негізгі құқықтық құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы. Аталған заңда сыбайлас жемқорлық ұғымы, оның алдын алу шаралары, мемлекеттік қызметшілердің міндеттері мен шектеулері нақты айқындалған. Заң талаптарын бұлжытпай орындау – әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсіби әрі адамгершілік борышы.

● 26 АҚПАНДА НКВД ҮШТІГІНІҢ ШЕШІМІМЕН ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТУ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛДІ

Қазақ әдебиетінің қайсар тұлғасы: ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ

Қазақ аспанында жасын болып жарқылдаған, сөзі — алмас, ойы — терең, рухы — асқақ тұлғалар аз емес. Солардың ішінде шоқтығы биік, тағдыры тауқыметті, бірақ есімі мәңгілікке жазылған дара тұлға — Ілияс Жансүгіров. Биыл біз тағы да қаралы, бірақ тағзымға толы 26 ақпан күнін қарсы аламыз. Бұл күн — қазақ поэзиясының Құлагерін кесапатты кеңестік жүйе оққа байлаған, ұлттың бір қанатын қайырып, үнін өшіруге тырысқан қасіретті күн.

Ілияс Жансүгіров — қазақ сөзінің киесін сезінген, тілдің майын тамызып, тарихтың тамырын деп басқан бірегей суреткер. Оның «Құлагер» поэмасы — жай ғана әдеби шығарма емес, бұл қазақ халқының басындағы трагедияның символы. Ақан серінің тұлпары арқылы ақын өзінің де, ұлтының да еркіндікке ұмтылған азат үнін жеткізді. Батыраш пен Қотыраштың қиянаты — сол кездегі асылдарды аяқтан шалған жүйенің бетпердесі іспетті еді.

«Құлагер, атаң — тұлпар, анаң — бөкен,

Соқпаса, соқыр тиын — арзан өлкем!» — деп тебіренген ақын Жетісудың ақ иық шыңдарынан бастап, Сарыарқаның кең даласына дейінгі сұлулықты жырға қосты. Оның «Күй», «Күйші», «Дала» поэмалары ұлттық кодтың алтын қазығы. Ол домбыраның шанағындағы мұнды сөйлетіп, қазақтың жан дүниесін, оның музыкалық болмысын әлемге паш етті. Ілиястың поэзиясындағы динамика мен экспрессия қазақ өлеңіне жаңа тыныс, соны ырғақ алып келді.

Ілияс — тек қана нәзік лирик емес, ол — ірі мемлекетшіл тұлға. Ол заманның соқпағына шыдап, қылышынан қан тамған



саясаттың өзінде ұлттық болмысты сақтап қалуға тырысты. 1932 жылы Қазақстан Жазушылар одағының іргесін қалап, оны алғаш болып басқаруы — оның ұйымдастырушылық қабілеті мен ел алдындағы биік беделінің айғағы.

Ол «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Egemen Qazaqstan») газетінде қызмет атқара жүріп, елдің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін өткір тілмен көтерді. Оның әрбір публицистикалық мақаласы — халықтың мұңын мұндаған, жоғын жоқтаған шындық шырағы болды. Сонымен қатар, Ілияс қазақ театрының қалыптасуына, драматургияның дамуына да өлшеусіз үлес қосты. Оның «Исатай-Махамбет» драмасы тарихи сананы жаңғыртудың үлгісі болды.

1937-1938 жылдардың суық желі қазақ зиялыларының қабырғасын сөгіп кетті. Репрессияның қаныпезер машинасы Ілиясты «халық жауы» деген жаламен құрбандыққа шалды. 1937 жылдың тамызында тұтқындалып, бірнеше айға созылған ауыр тергеуден кейін,

1938 жылдың 26 ақпанында НКВД үштігінің шешімімен ату жазасына кесілді.

Бұл тек бір адамның өлімі емес, бұл — қазақ мәдениетінің, әдебиетінің және ұлттық намысының атылуы еді. Ақынды тергеу кезіндегі көрсеткен ерлігі, рухының мұқалмауы — бүгінгі ұрпақ үшін үлкен ғибрат. Ол соңғы деміне дейін өзінің ары мен ұлтының адалдығына сенді.

Оқ атылса да, оның отты жырлары өлген жоқ. Олар қолжазбаларда, халықтың жадында, тіпті айдауда жүрген жары Фатма Ғабитованың жүрегінде сақталып қалды. 1950 - жылдардағы «жылымықтан» кейін ақын есімі ақталып, оның туындылары қайтадан туған елімен қауышты.

Бүгінгі таңда Ілияс Жансүгіров — тәуелсіз Қазақстанның рух майталманы. Оның есімімен кешелер, Жетісу университеті, мұражайлар мен ауылдар аталады. Бірақ ең басты ескерткіш — оның артында қалған өлмес мұрасы. Оның шығармалары — бүгінгі жас буынның отансүйгіштік сезімін оятатын, ұлттық мақтанаш ұялататын құдіретті күш.

26 ақпан — біз үшін тек аза тұту күні емес, бұл — Ілиястың рухымен сырласу, оның аманатына адалдық таныту күні. Ақынның атылған күні — оның мәңгілікке бет алған, өлмес есімінің тарих бетіне алтын еріппен жазылған күні.

Құлагер ақынның дүбірі қазақ даласында әлі естіліп тұр. Ол — біздің өткеніміздің айнасы, болашағымыздың айқын бағдары. Ілияс жыры өлмейді, өйткені ол — қазақ рухының өзі.

А.ҚҰМАРОВА,
І.Жансүгіров атындағы тарихи - өлкетану музейінің меңгерушісі.

АНА ЖҮРЕГІ – БАЛАҒА ЕҢ ЖАҚЫН МЕКЕН



Н.Есеболатов атындағы орта мектебінде 18 ақпан күні «Даналық мектебі» жобасы аясында ұйымдастырылған тәрбиелік - танымдық «Ана жүрегі – балаға ең жақын мекен» атты шара әсерлі өтті. Іс-шараға 6 – 7 сынып оқушылары, олардың аналары, ұстаздар қатысып, қонақ ретінде «Жанұя» отбасын қолдау орталығының құрылымдық бөлімше басшысы Н.Қасымбеков, аудандық әжелер кеңесінің төрайымы К.Ермұханбетова және мүшесі Б.Лаубаева, аудандық аналар кеңесінің төрайымы Б.Құрманғалиева шақырылды.

Бұл шарада отбасы құндылығы мен ананың қоғамдағы орны кеңінен насихатталды. Кештің басты мақсаты – ана мен бала арасындағы рухани байланысты терең ұғындыру, мейірім мен махаббатқа негізделген отбасылық тәрбиені дәріптеу және мектеп пен ата - ана ынтымақтастығын нығайту болды. Шара шымалдығы 51 оқушының орындауындағы жүрекке жылы тиетін «Ана» әнімен ашылды. Ән арқылы бала жүрегіндегі ең асыл сезім, аналық мейірімге деген алғыс жеткізілді. Одан кейін оқушылар анаға арналған лирикалық өлеңдерді тебірене оқып, ананың бала өміріндегі орны мен қадірін көркем сөз арқылы бейнеледі. Әрбір шумақ көрермен жүрегін елжіретіп, аналардың жүзінен қуаныш пен толқыныс байқалды. Кеш барысында 7 сынып оқушысы Самархан Назерке оқыған «Ана жүрегі» атты монологы тыңдарман жүрегіне жол тауып, көзге жас үйірді. Сондай-ақ, 6 сынып оқушысы Шындаулет Құралайдың орындауындағы «Анашым» әні аналарға арнау ретінде ұсынылды. Шараның ең әсерлі бөліктерінің бірі, сахналанған «Найман-Ана» көрінісі болды. Бұл қойылымда ананың баласын қандай жағдайда да іздейтін шексіз махаббаты бейнеленіп, көрерменге үлкен ой салды. 10 сынып оқушыларының шынайы актерлік шеберліктері көрермендерді толқытпай қоймады. Аналар мен балалар қатысқан топтық жұмыстар ерекше қызығушылық туғызды. «Ана жүрегі нені қалайды?» деген сауалға аналар және «Ана жүрегі қандай?» деген сұраққа балалар өз ойларын айтып, бір - бірін тыңдап, пікір алмасты.

Бұл бөлімде балалар ананың ең басты арманы – баласының амандығы мен бақыты екенін түсінсе, аналар баласының өздерін түсінгеніне қуанды. Кеш көңілді ойындармен жалғасты. «Бір адым алға бас» ойыны арқылы ана мен бала арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталып, қатысушылар бір - біріне жаңа қырынан қарады.

Қорытынды бөлімде оқушылар «Менің білгенім...» деген сөйлемді жалғастырып, ана жүрегі туралы ойларын жүрекшелерге жазып, ортақ жүрек бейнесіне жапсырды. Онда «Ана жүрегі – мейірім», «Ана жүрегі – қорған», «Ана

жүрегі – мәңгілік махаббат» деген сөздер ерекше орын алды.

Кешке келген қонақтар өз әсерлерімен бөлісті. «Жанұя» отбасын қолдау орталығының құрылымдық бөлімше басшысы Н.Қасымбеков тәрбиелік кештің көрермен жүрегіне жылу сыйлағанын, оқушылардың өнері, шынайы сезімге толы өлеңдері мен қойылымдары ананың қадір - қасиетін тағы бір мәрте терең сезіндіргеніне тоқталды. Әжелер кеңесі төрайымы К.Ермұханбетова - Ана – отбасының берекесі, ұрпақ тәрбиесінің алтын діңгегі дей келе, осындай тағлымды шаралар жас ұрпақты мейірімділікке, ізгілікке, үлкенді құрметтеп, ата - ананы ардақтауға баулиды, -деп сенім білдірді. Аналар кеңесі төрайымы Б.Құрманғалиева - бұл кештің адамға ең қастерлі ұғым - ана бейнесін жүрекпен сезіндірді. Шара әр қатысушыға үлкен әсер қалдырды. Аналар балаларының өнеріне сүйсінсе, оқушылар ананың қадірін бұрынғыдан да терең түсінді. Осындай тәрбиелік мәні зор шаралар арқылы балалар мейірім мен ізгілікті бойына сіңіріп өседі, -деп сөзін қорытындылады және мектеп басшысы Ж.Әлімғалиеваға, ұйымдастырушылар 7 сынып жетекшісі Ж.Жамантаева мен 6 сынып жетекшісі С.Арынаеваға, өнер көрсеткен оқушыларға алғыс білдірді. Мектеп директоры Ж.Әлімғалиева да өз қорытынды ойын ортаға салды: - Бүгінгі «Ана жүрегі – балаға ең жақын мекен» атты тағлымды кеш - мектебіміздің тәрбие жұмысындағы маңызды шаралардың бірі, бұған дейін де 2 сынып жетекшісі Б.Алдиярованың ұйымдастыруымен «Әке TIME», 8 сынып жетекшісі А.Даубаева мен 9 сынып жетекшісі Г.Қайрат «Жеңге - ақылшы, сырлас, тәлімгер», педагог - ұйымдастырушы С. А х а н б е к о в т ы ң ұйымдастыруымен «Ақылдың кені – аталар сөзі» сынды түрлі шаралар өтілді. Бұл кеш арқылы бала тәрбиесіндегі ананың орны ерекше екенін тағы бір мәрте сезіндік. Мектеп - білім беретін орда болса, отбасы – тәрбие беретін алтын ұя. Ал, осы екеуін жалғайтын алтын көпір – ата - ана мен ұстаздың бірлігі. Бала бойындағы мейірім, адамгершілік, құрмет пен жауапкершілік, ең алдымен ана жүрегінен бастау алады. Сондықтан мектеп үшін ата - анамен тығыз байланыс орнату – ең басты міндеттердің бірі. Оқушыларымыздың өнері мен шынайы ықыласы баршамызды толқытты. Бұл – ұстаздар еңбегінің, ата - ана тәрбиесінің және бала жүрегіндегі тазалықтың көрінісі. жас ұрпақтың рухани дамуына әсер ететін осындай шараларымыз көп болсын.

Ақиқатында, ана – өмірдің бастауы, тәрбиенің алтын діңгегі, ал, бала – сол жүректің мәңгілік үміті.

Ж.ЖАМАНТАЕВА,
С.АРЫНАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері.

Қайырымдылық жасасаң, қайырымды көресің



«Қайырымдылық жасасаң, қайырымды көресің», — дейді қазақ халқы. Адамның адамға деген таза ниеті, бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегі қажет. Жақсылық жасау – тәрбиеліктің, имандылықтың, парасаттың айқын көрінісі. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса», — деген халқымыздың игі дәстүрі қазірге дейін өз жалғасын табады.

2026 жылдың 28 қаңтар күні аудандық мешіттің бас имамы Анарбай Тасболатұлының ұйымдастыруымен жылдағы дәстүрге айналған ерекше балаларға арналған қайырымдылық іс-шарасы өтті. Шараға қатысушылар «Атамекен» мейрамханасына барып, дәмді түскі ас пен тіл үйірер тәттілерден дәм татты. «Қобызшы Молықбай» мәдениет үйінің қызметкерлері шараны жүргізіп, өнерін айтып, би билетіп ерекше балалар мен ата-аналарға көңілді күй сыйлады.

Көңілді шара соңында барлық балаларымызға сыйлықтар таратылып берілді.

Ерекше балаларымызға шексіз қуаныш пен керемет көңіл - күй сыйлағаны үшін аудандық мешіттің бас имамы Анарбай Тасболатұлына және басқа да атсалысқан азаматтарға шексіз алғысымызды білдіреміз. Сіздерге мықты денсаулық, істеріңізге береке тілейміз.


Бұл қайырымдылық шарасы әлі де өз жалғасын табады. Айналамызға қайырымдылықпен, мейірімділікпен қарайық, ағайын! Осындай игілікті шараға үлес қосу әр адамның парызы деп есептеймін. Қайырымдылық көрсетіп, қол ұшын созатын ізгі жандар көбейсін деп тілейік!

М.ОМАРОВА
«Ақсу ауданының үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ - нің директоры.

● МАМАН КЕҢЕСІ

БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫ

**БРУЦЕЛЛЕЗДІҢ
АЛДЫН АЛУ**



Бруцеллез – зоонозды инфекция. Бруцеллез жануарлардан адамға әр түрлі жолдармен беріледі. Жиі адамдар бруцеллезді ауру малды күткенде жеке бас гигиенасы ережелерін сақтамаса, ауру мал бөліністерімен залалданған құралдармен тікелей қатынаста, малдың жүнін қырку, малды сою, терісін сыпыру кезінде, мал төлдету кезінде малдың шуы, қағанақ суымен қатынаста болғанда, туған қозыны ауыздандырып емізу кезінде жұқтырып алады. Сонымен бірге ауру сиыр, ешкі, қойдың қайнамаған сүтін немесе толық термиялық өңдеуден өтпеген өнімдерді тағам ретінде пайдаланғанда ауру жұғады. Аурудың негізі нышаны - қызба, дене қызуы тәуліктің екінші жартысында айқын қалтыраудан кейін жоғарлайды. Сүйек, буын, бұлшық еттер, жүйке тамырларының ауру сезімі пай-

да болады. Бруцеллездің алдын алуда қарапайым іс - шаралар жүргізілуі қажет. Жануарлар күтіміне байланысты барлық жұмыстарды, әсіресе төлдеу науқанында арнайы қорғаныш киімдерін (арнайы киім, аяқ киім, қолғап) киюмен жүргізу, бруцеллез ауруының алдын алу және жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау. Тағам ретінде сапалы термиялық өңдеуден өткен ет және ет өнімдерін, сүт және сүт өнімдерін қолдану. Ветеринарлық анықтамасыз сүт және сүт өнімдерін бейберекет сауда орындарынан ешқашан сатып алмау. Малды жайлауға шығарар алдында міндетті түрде бруцеллезге тексерту. Бруцеллезден сезіктенсеңіз дәрігерден кеңес алыңыз, өйткені көп жағдайда бұл аурумен басқа ауруларды шатастырады, ал емдеу үшін көп уақыт та, қаржы да шығын болады.

**ТУБЕРКУЛЕЗ
АУРУЫ ҚАУІПТІ АУРУ**

Туберкулез жұқпалы ауруларға жатады, ол туберкулез таяқшасынан (Кох бацилласынан) туындайды. Туберкулез көбінесе тыныс алу органдарын зақымдайды, бірақ адамның кез-келген мүшесі (тері, лимфа түйіндері, сүйегі, бүйрегі, көзі, ішкі органдары, орталық жүйке жүйесі және т.б.) зақымдалатын өкпеден тыс формалары да кездеседі.

Туберкулезді науқас адамнан ауа тамшылары арқылы (сөйлесу, түшкіру, жөтелу кезінде); науқастың қақырығымен, сілекейімен ластанған нәрселерімен немесе заттарымен байланыста болған кезде жұқтырып алуға болады. Кох таяқшасы сыртқы ортада ұзақ уақыт бойы тірі және жұқпалы болып қалады. Сұйық қақырықта туберкулез таяқшасы 5 - 6 ай бойы жойылмайды. Ол кепкен күйінде де бірнеше ай бойы өзінің қасиеттерін сақтай алады, содан кейін әлсіз ағзаға еніп, инфекция тудыруы мүмкін. Тікелей күн сәулесінен бактериялар 10 минуттан кейін жойылады, шашыраңқы жарық оларды 5 - 7 күн ішінде жояды. Лас, қараңғы бөлмеде туберкулез таяқшалары ұзақ уақыт бойы өміршеңдігін жоғалтпайды.

Туберкулездің негізгі белгілері: екі аптадан астам жөтел, дене температурасының жоғарылауы, кеудедегі ауырсыну, енгігу, салмақ жоғалту, тәбеттің төмендеуі, түнде терлеу, әлсіздік, тез шаршау. Бұл белгілерді өзіңізден немесе жақындарыңыздан байқаған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгініңіз!

Баланы туберкулезден қалай қорғауға болады немесе аурудың ең жақсы нәтижесін қалай қамтамасыз етуге болады?

Туберкулезге қарсы алдын алу шараларын жүргізу бала туылғанға дейін басталады. Болашақ баланың қоршаған ортасы (әкесі, атасы, әжесі, ағасы, тәтесі, 15 жастан асқан бауырлары) флюорографиялық тексеруден өтуі тиіс. Баланың анасы нәресте туғаннан кейін флюорографиялық тексеруден өтуі керек.

Туберкулездің алдын алудың маңызды шарасы туберкулезге қарсы БЦЖ вакцинасын егу болып табылады. Туберкулез ауруының профилактикасы және оның алдын алу мақсатында медициналық қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда перинаталдық (перзентхана) орталықтың егу кабинетінде туғаннан кейін 2 - 4 - тәулікте Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес БЦЖ вакцинасын егу жүргізіледі. Туберкулезге қарсы вакцина туберкулездің ауыр түрлерінің алдын алуға арналған.

Манту сынамасын тексертуге: туберкулезбен ауыратын науқаспен байланыста болған балалар (отбасылық, туыстық, мектеп (жұымдық), пәтер және басқа да байланыстар); вакцинация алдында жасы 2 айдан асқан балалар; жоғары тәуекел тобындағы балалар жатады.

Сондықтан, құрметті ата-аналар, Манту реакциясын жүргізуге жолдама алған кезде, емханаға баруды ертеңге қалдырмаңыз, бұл көп жағдайда сіздің балаңыздың денсаулығы үшін маңызды болуы мүмкін.

Есте сақтаңыздар! Туберкулез емделетін ауру, емдеудің толық курсы уақытымен алса, бұл дерттен құлан таза айығуға болады.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық СЗББ басшысы.

**ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ —
БЕЙБІТШІЛІК КЕПІЛІ**

Бүгінгі таңда терроризм мен экстремизм мәселесі жаһандық деңгейдегі қауіпке айналды. Бұл тек жекелеген елдердің емес, бүкіл адамзаттың қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін құбылыс. Терроризмнің алдын алу — бұл зардаптармен күресу емес, оның пайда болу себептерімен жұмыс істеу.

1. Идеологиялық иммунитет қалыптастыру

Терроризммен күрестегі ең басты қару — білім. Радикалды ағымдар көбінесе діни немесе саяси сауаттылығы төмен жастарды нысанаға алады. Дұрыс ақпарат: Дәстүрлі діни құндылықтар мен теріс ағымдардың аражігін ажырата білу. Сын тұрғысынан ойлау: Кез келген күмәнді ақпаратты (әсіресе әлеуметтік желілердегі) сараптай білу қабілеті.

2. Отбасы — басты қорған

Экстремизмнің алдын алу отбасыдан басталады. Баланың бос уақыты, достары және интернетте қандай сайттарға кіретіні ата-ананың назарында болуы тиіс.

"Отан отбасынан басталады" демекші, жақындарымыздың психологиялық жағдайына бей-жай қарамау — үлкен қауіптің алдын алудың алғашқы қадамы.



3. Интернеттегі қауіпсіздік

Қазіргі таңда вербовка (азғыру) процесінің 80%-ы әлеуметтік желілер (Telegram, WhatsApp, Instagram) арқылы жүреді. Төмендегі ережелерді сақтау маңызды: Бейтаныс адамдардан келген күмәнді сілтемелерді ашпау. Радикалды мазмұндағы топтарға тіркелмеу және ондай материалдарды таратпау (бұл үшін заң алдында жауапкершілік бар). Күмән туған жағдайда құқық қорғау органдарына немесе сенім телефондарына хабарла-

су.

4. Мемлекет пен қоғамның бірлігі

Терроризмге қарсы іс-қимыл тек күштік құрылымдардың міндеті емес. Әрбір азаматтың

қырағылығы — қоғамдық қауіпсіздіктің негізі. Күдікті заттар, бейтаныс адамдардың оғаш мінез-құлқы байқалған жағдайда дер кезінде хабар беру — батырлық емес, азаматтық парыз.

Түйін

Терроризмнің алдын алу — бұл тұрақтылықты сақтау жолындағы үздіксіз процесс. Біз бірлесе отырып, радикалдануға жол бермейтін, құқықтық және рухани сауатты қоғам құруымыз керек. Бейбітшілік бар жерде — болашақ бар.

Су тасқынының алдын алу — әр азаматтың ортақ жауапкершілігі

Су тасқыны — табиғаттың тосын әрі аса қауіпті құбылыстарының бірі. Ол бір сәтте елді мекендерді су басып, тұрғын үйлерге, инфрақұрылымға, ауылшаруашылығына зор зиян келтіруі мүмкін. Әсіресе, көктем мезгілінде қардың күрт еруі мен нөсер жаңбырдың көбеюі өзен - көлдердің арнасынан асып, төтенше жағдай туғызады. Кезіндегі Қызылағаш оқиғасын әлі ешкім ұмытқан жоқ. Ақпан айының ортасында күн кенеттен жылып кетіп, және жаған жаңбырлардың әсерінен таудағы қарлар жерге сіңбей тау етегімен ағып біздің ауылымыздың маңынан өтетін «Алтынарық» суға толып, су төптә арнасынан асып ауылымызға су қаптап бірімізді бір әбiгерге салғаны бар. Енді көктемнің шығуына санаулы күн қалғанда тағы да қар жауды. Ертең күн жылынып кетсе тағы да су басу қаупі бар екенін есімізден шығармайық Бұл табиғи апаттың алдын алу тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әр азаматтың да жауапкершілігін талап етеді.

Су тасқынының негізгі себептері Су тасқынының туындауына әсер ететін факторлар әртүрлі:

1. Қардың шамадан тыс жиналуы және күрт еруі — Қыста қардың қалың түсуі, көктемде күннің тез жылынуы өзендердің деңгейін күрт көтереді.

2. Нөсер жаңбырлар — Қысқа уақыт ішінде мол жауған жауын-шашын жердің суды сіңіру мүмкіндігін азайтады.

3. Өзен арналарының бітелуі — Қоқыс, ағаш қалдықтары, мұз кептелістері судың еркін ағуына кедергі жасайды. т.б.

Алдын алу шаралары Су тасқынының зардабын азайту үшін кешенді жұмыс қажет.

Ол — өзен арналары мен арықтарды тазалаудан басталады.

Үй маңындағы арықтарды тазалау және ең бастысы — ұйымшылдық пен сабырлық адам өмірі мен ауылымызды сақтап қалудың басты кепілі.

Су тасқынының алдын алу — тек төтенше жағдай кезінде ғана емес, жыл бойы атқарылатын жүйелі жұмыс. Мемлекет, жергілікті билік және қарапайым халық бірлесе әрекет еткенде ғана апаттың алдын алуға болады. Табиғаттың тосын мінезіне дайын болу — өркениетті қоғамның белгісі.

Қауіптің алдын алу — зардапты жоюдан әлдеқайда жеңіл екенін ұмытпайық.

Аслан ХАЙДАРОВ,
Жансүгіров ауылдық округі аппаратының бас маманы.

Қазақстанда мал шаруашылығы саласындағы өндірістік объектілерге есептік нөмірлерін беру қағидалары өзгертілді

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2015 жылғы 23 қаңтардағы №7-1/37 бұйрыққа өзгерістер енгізді. Аталған бұйрық мал шаруашылығы саласындағы өндірістік объектілерге, жануарлардан алынатын өнімдерді қайта өңдеуге, сондай-ақ ветеринариялық қызмет пен жем-шөп өндірісімен айналысатын ұйымдарға есепке алу нөмірлерін беру тәртібін реттейді.

Енгізілген өзгерістер мемлекеттік қызметтерді цифрландыруға, есепке алу рәсімдерін жеңілдетуге және агроөнеркәсіптік кешендегі ашықтықты арттыруға бағытталған.

Жаңартылған қағидаларға сәйкес, жеке және заңды тұлғалар есепке алу нөмірін алу үшін өтінімдерді тек электрондық форматта — электрондық үкімет порталы арқылы береді. Өтінім электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат түрінде рәсімделеді. Бұл

ретте қажетті мәліметтердің бір бөлігі мемлекеттік органдар тарапынан ақпараттық жүйелер мен цифрлық сервистер арқылы автоматты түрде алынады, бұл өтініш беруші ұсынатын құжаттар санын азайтады.

Бұйрықта өндірістік объектілердің қызметін тоқтату және тоқтатылған қызметті қайта бастау мәселелеріне ерекше назар аударылған. Объект қызметі тоқтатылған жағдайда, меншік иесі бес жұмыс күні ішінде тиісті хабарлама ұсынуға міндетті. Өтінім «e-Agriculture» ақпараттық жүйесінде тіркелгеннен кейін есепке алу нөміріне «қолданылуы тоқтатылды» мәртебесі беріледі. Сонымен қатар есепке алу нөмірінен айыру, оны қайта алу, қолдануды тоқтату және қайта бастау тәртібі нақтыланған. Бұл рәсімдер ветеринария және рұқсат беру жүйесі саласындағы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Есепке алу нөмірлерінің қолданылу мерзімі де айқындалды. Жалдау немесе өтеусіз пайдалану

негізінде үш жылдан кем мерзімге өндірістік үй-жайларда қызмет атқаратын өндірістік объектілерге (мал сою алаңдарын қоспағанда) есепке алу нөмірі үш жыл мерзімге беріледі. Бұрын берілген, қолданылу мерзімі көрсетілмеген есепке алу нөмірлерінің мерзімі 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап есептеледі.

Ал, мал сою алаңдары үшін есепке алу нөмірлері бір жыл мерзімге белгіленеді. Бұл олардың қызметіне бақылауды күшейтуге және ветеринариялық-санитариялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қабылданған өзгерістер мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыруға, электрондық қызметтерді дамытуға және елдің агроөнеркәсіптік секторында биологиялық әрі ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Е.АУБАКИРОВ.
аудандық вет - инспекциясының бас маманы.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде,

2026 жылдың 30 наурызынан 17 сәуір күнін қоса алғанға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5 Д, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: **2026 жылдың 17 сәуір күні 18 сағат 30 минутқа дейін.**

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер **2026 жылдың 20 сәуір күні 10 сағат 00 минутта** мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі **конкурсқа қатысуға өтінімде:**

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылық жері, азаматтығы, жеке сыйқестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауылшаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауылшаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауылшаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықтылік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертке ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және **2026 жылғы «20 сәуірге»** дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
1	Суықсай ауылдық округі	27,75	төлім егістік	қара каштан	37	қажет емес	Мамандандырылған
2	Суықсай ауылдық округі	5,0	суармалы егістік	қара каштан	57	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
3	Суықсай ауылдық округі	100,0	жайылым	қара каштан-ақшыл каштан	8	қажет емес	Мамандандырылған
4	Суықсай ауылдық округі	2,64	суармалы егістік	қара каштан	57	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
5	Суықсай ауылдық округі	19,0	төлім егістік	қара каштан	27	қажет емес	Мамандандырылған
6	Суықсай ауылдық округі	25,3	төлім егістік	қара каштан	28	қажет емес	Мамандандырылған
7	Суықсай ауылдық округі	5,0	шабындық	қара каштан	26	қажет емес	Мамандандырылған
8	Суықсай ауылдық округі	5,63	шабындық	қара каштан	28	қажет емес	Мамандандырылған
9	Суықсай ауылдық округі	2,88	суармалы егістік	қара каштан	57	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
10	Суықсай ауылдық округі	8,0333	шабындық	қара қоңыр	26	қажет емес	Мамандандырылған
11	Суықсай ауылдық округі	4,1121	шабындық	күңгірт қара қоңыр	26	қажет емес	Мамандандырылған
12	Суықсай ауылдық округі	9,3763	шабындық	қара	53	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
13	Суықсай ауылдық округі	47,7550	шабындық	қара қоңыр	69	қажет емес	Мамандандырылған
14	Суықсай ауылдық округі	4,5516	шабындық	қара	23	қажет емес	Мамандандырылған
15	Суықсай ауылдық округі	16,1106	шабындық	қара	53	қажет емес	Мамандандырылған
16	Суықсай ауылдық округі	125,1569	жайылым	Қара, жеңіл саздақты, 10-30 пайыз тығыз тау	13	қажет емес	Мамандандырылған
17	Суықсай ауылдық округі	131,4150	жайылым	Қара, жеңіл саздақты, 10-30 пайыз тығыз тау	14	қажет емес	Мамандандырылған
18	Суықсай ауылдық округі	111,4989	жайылым	Қара, 10-30 пайыз тығыз тау, орташа саздақты	23	қажет емес	Мамандандырылған
19	Суықсай ауылдық округі	2,9231	суармалы егістік	қара қоңыр	64	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
20	Суықсай ауылдық округі	2,2373	суармалы егістік	қара қоңыр	57	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Аккусский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Аккусского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; **с 30 марта по 17 апреля 2026 года**, по адресу: (область Жетісу, Аккусский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5Д,) в кабинете №6, отдел сельского хозяйства и земельных отношений Аккусского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: **17 апреля 2026 года, в 18 часов 30 минут.**

Открытие конвертов с конкурсной документацией будет проведена

20 апреля 2026 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Аккусский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5) в кабинете заместителя акима Аккусского района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: «**20 апреля 2026 года**» (указывается точная дата). Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
21	Суықсай ауылдық округі	1,6806	суармалы егістік	Күңгірт қара қоңыр	65	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
22	Суықсай ауылдық округі	1,9494	суармалы егістік	қара қоңыр	19	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
23	Суықсай ауылдық округі	1,9964	суармалы егістік	қара қоңыр	19	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
24	Суықсай ауылдық округі	1,2762	суармалы егістік	қара қоңыр, орташа саздақты	57	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
25	Суықсай ауылдық округі	2,6391	суармалы егістік	қара қоңыр, орташа саздақты	50	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
26	Суықсай ауылдық округі	2,6049	суармалы егістік	қара қоңыр, орташа саздақты	57	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
27	Суықсай ауылдық округі	4,7195	суармалы егістік	қара қоңыр, орташа саздақты, әлсіз қыйыршық тасты	57	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
28	Суықсай ауылдық округі	4,6252	суармалы егістік	қара қоңыр, орташа саздақты, әлсіз қыйыршық тасты	57	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
29	Суықсай ауылдық округі	5,0544	суармалы егістік	қара қоңыр, орташа саздақты	64	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
30	Суықсай ауылдық округі	3,2623	суармалы егістік	қара қоңыр, орташа саздақты	62	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
31	Суықсай ауылдық округі	3,0880	суармалы егістік	қара қоңыр, орташа саздақты	68	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
32	Суықсай ауылдық округі	1,6589	суармалы егістік	қара қоңыр, орташа саздақты, әлсіз қыйыршық тасты	57	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
33	Суықсай ауылдық округі	30,9541	төлім егістік	қара қоңыр, орташа саздақты	43	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
34	Суықсай ауылдық округі	8,6618	суармалы егістік	қара қоңыр, орташа саздақты	84	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
35	Суықсай ауылдық округі	8,7457	суармалы егістік	қара қоңыр, орташа саздақты	78	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
36	Суықсай ауылдық округі	3,3999	суармалы егістік	қара қоңыр, орташа саздақты	57	сумен қамтамасыз ету	Мамандандырылған
37	Б.Сырттанов ауылдық округі	76,8	жайылым	Күшті сорпаулы солтүстік ашық сұр- шалғынды және 10-30 % әлсіз сортаңдау солтүстік ашық- сұр шалғынды топырақ, жеңілсаздақты	7	қажет емес	Мамандандырылған
38	Б.Сырттанов ауылдық округі	67,8	жайылым	Күшті сорпаулы солтүстік ашық сұр- шалғынды және 10-30 % әлсіз сортаңдау солтүстік ашық- сұр шалғынды топырақ, жеңілсаздақты	7	қажет емес	Мамандандырылған
Жалпы алаңы		887.2866					

Теміржол – қауіпті аймақ: абай болайық!



Теміржол — адам өмірі үшін аса қауіпті аймақтардың бірі. Көбіне тұрғындар жолдан өту ережесін сақтамай, рұқсат етілмеген жерлерден өтіп кетеді, ал қараусыз қалған малдар теміржолға шығып, апаттарға себеп болады. Соңғы жылдары Үштөбе жол дистанциясы бойында бірнеше қауіпті оқиғалар тіркелді: пойыз қозғалысына кедергі келтірген 96-дан астам оқиға, оның ішінде адамдар мен малдардың жарақаттануы немесе қаза табуы жағдайлары болған.

Теміржол қызметкерлері тұрғындарды қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырады. Теміржолға шығу тек арнайы белгіленген өткелдер мен жаяу жүргінші жолдарынан рұқсат етіледі. Пойыздың тоқтауы бірнеше жүз метрге дейін созылатынын ескергенді сұраймыз.

Қараусыз қалған малдар да қауіптілік тудырады. Мал иелері малдарын теміржол маңына жібермей, қора мен қоршауда ұстауы тиіс. Малдың

теміржолға шығуы пойыз қозғалысына кедергі жасап, техникалық жабдықта зақым келтіруі мүмкін.

Бала-шаға мен ересектерге жол ережесін сақтау өте маңызды. Жол бойында абай болу, белгілер мен ескертулерге құлақ асу, балаларға қауіпсіздік ережесін үйрету — әрбіріміздің міндетіміз.

Есіңізде болсын! теміржол — тек көліктің емес, адамның өмірінің қауіпті аймағы. Қауіпсіздік әр адамның өз қолында. Бір сәттік абайсыздық апатқа немесе қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін. Сондықтан жолдан өтерде тек белгіленген жерлерді пайдаланыңыз, малдарыңызды қараусыз қалдырмаңыз, және әрқашан қауіпсіздік ережесін есте сақтаңыз.

А. БАЙТУЛАКОВ,
«Қазақстан темір жолы» ҰЛТЫҚ КОМПАНИЯСЫ
акционерлік қоғамының филиалы «Алматы
магистральдық желі бөлімшесі» Үштөбе жол
дистанциясы бастығының орынбасары.

Тіл – ұлттың мәңгілік коды



Тіл – ұлттың жаны, халықтың жүрегі, рухтың үні. Адамзат тарихында мемлекеттер құрылып, империялар күйреп, шекаралар өзгеріп отырғанымен, ұлтты ұлт етіп сақтап қалған ең қуатты күш – оның тілі. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – дүниетаным, сана, болмыс, тағдыр.

Қазақ үшін тіл – атадан қалған аманат, анадан дарыған қасиет. Бесіктегі сәбидің құлағына сіңген әлди, даланың желіндей еркін ескен жыр, шешеннің дуалы сөзі – барлығы қазақ тілінің рухани кеңістігін қалыптастырды. Тіл арқылы халық өз тарихын, салт-дәстүрін, дүниеге көзқарасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізді.

Күлтегін жазбаларынан бастау алған түркі сөзінің тамыры тереңде жатыр. Сол тарихи сабақтастық қазақ тілінде жалғасын тапты. Ұлт зиялылары тілдің тағдырын елдің тағдырымен тең қойды. Соның бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деп, тілдің стратегиялық мәнін айқындап берді. Бұл сөз бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап, ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту кезеңі басталды. Мемлекеттің іргетасын бекітуде тіл мәселесі алдыңғы қатарға шықты.

1995 жылғы Конституцияда қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бекітілді. Бұл тарихи шешім тілдің құқықтық мәртебесін айқындап, оның дамуына заңдық негіз қалады. Алайда уақыт өткен сайын қоғам да, талап та өзгерді. Жаңа кезең жаңа көзқарасты қажет етті.

2022 жылы жалпыхалықтық референдум арқылы қабылданған конституциялық өзгерістер елдің саяси жүйесін жаңғыртып қана қоймай, азаматтық қоғамның рөлін күшейтті. Жаңартылған Конституцияда мемлекеттік тілдің мәртебесі сақталып, оның қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуын қамтамасыз ету – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі екені айқын көрініс тапты.

Конституция – елдің негізгі заңы ғана емес, ұлттың құндылықтар декларациясы. Онда бекітілген тіл мәртебесі – қазақ тілінің тек символдық емес, стратегиялық мәнге ие екенін білдіреді. Мемлекеттік

басқару, заң шығару, білім беру, ақпараттық кеңістік – бәрінде қазақ тілі жетекші орын алуы тиіс.

Тілдің дамуы тек заңмен шектелмейді. Ол – қоғамдық санаға, азаматтық жауапкершілікке байланысты. Егер әрбір қазақстандық қазақ тілін құрметтеп, оны күнделікті өмірінде еркін қолданса, Конституциядағы баптар нақты өмірлік мазмұнға ие болады.

Бүгінгі әлем – ақпарат ағыны тасқындаған, мәдениеттер тоғысқан кеңістік. Мұндай заманда ұлт тілін сақтау – оны оқшаулау емес, керісінше, бәсекеге қабілетті ету. Қазақ тілі ғылымның, технологияның, цифрлық инновациялардың тіліне айналуы тиіс.

Жастар әлеуметтік желіде, бизнес алаңында, халықаралық форумдарда қазақ тілін батыл қолданғанда ғана тілдің әлеуеті артады. Мемлекеттік бағдарламалар, білім реформалары, медиа саясаты – барлығы бір мақсатқа: қазақ тілінің өміршеңдігі мен заманауилығын қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Иә, тілге деген құрмет – өзіңе деген құрмет. Ана тілін ардақтау – ата тарихыңды, ұлттық жадыңды, рухани тамырыңды сақтау. Конституцияда бекітілген мәртебе – мүмкіндіктің есігі. Ал, сол мүмкіндікті шынайы жетістікке айналдыру – қоғамның қолында.

Қазақ тілі – даланың кендігіндей дархан, қыранның самғауындай биік, домбыраның үніндей қоңыр. Ол – кешегінің мұрасы ғана емес, ертеңнің үні. Жаңа Конституция жағдайында қазақ тілі мемлекеттік басқарудың, қоғамдық келісімнің, ұлттық бірліктің тірегіне айналуға тиіс.

Ұлттың болашағы – оның тілінде. Тілі қуатты елдің рухы биік болады. Ал рухы биік елдің еңсесі ешқашан түспейді.

Әсел ӘДІЛҚЫЗЫ,
№4 орта мектептің 11 «А»
сынып оқушысы.
Талдықорған қаласы.

Жыл кітабын бірге оқиық

«Бір ел - бір кітап» акциясы аясында 2026 жылға қазақ әдебиетінің дара тұлғасы ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтың шығармаларын насихаттау мақсатында шығармаларын оқитын боламыз.

Акцияның мақсаты – қазақ әдебиетін насихаттау, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, Қазақстанның әдеби мұрасын

зерттеуге мүмкіндік туғызу, өскелең ұрпақтың зияткерлік - рухани дамуы мен ана тіліне деген құрметін көтеру.

Барлыбек Сырттанов ауылдық кітапханасында «Жыл кітабын бірге оқиық» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмесінде жазушылардың әр жылдары түрлі баспаларда жарық көрген кітаптары қойылды. «Қабанбай батыр» 1 - 2 томдары, «Бір ғана ғұмыр», «Земля от-

цов» «Қаракерей Қабанбай» т.б. шығармалар жинағы қойылды.

Ұлттық руханиятымызды дамытып, қазақ әдебиетін кеңінен насихаттау мақсатында баршаңызды акцияға белсене қатысып Қабдеш Жұмаділовтың шығармаларын бірге оқуға шақырамыз!

Назира АУБАКИРОВА,
«AMANAT» партиясының
мүшесі, Б.Сырттанов
ауылдық кітапханашысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

2026 жылғы 02.03-нен бастап бес жұмыс күні ішінде Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесінде <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> "Жетісу облысының Ақешкі магистральдық каналынан Ақешкі су қоймасын реконструкциялау" жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: "Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8. Тел.: 8 (7172) 74-11-39, e-mail: kense-kvh@minsu.gov.kz

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Жәнекенов атындағы жобалау институты» ЖШС, 8 702 225 25 88, e-mail: vodtk@mail.ru/.

Ескертулер мен ұсыныстар 02.03.2026 – 06.03.2026 жылдар аралығында сондай-ақ «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті» ММ мекенжайы бойынша, тел. 8 (7282) 32-92-67, 7su_expertiza@mail.ru, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

С 02.03.2026 г. в течение пяти рабочих дней на информационной системе Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> будут проводиться общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Реконструкция водохранилища Ақешки с магистрального канала Ақешки области Жетісу».

Инициатор намечаемой деятельности: «Комитет водного хозяйства Министерства водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан», г.Астана, Есильский район, проспект Мәңгілік ел, 8. тел. 8 (7172) 74-11-39, e-mail: kense-kvh@minsu.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ТОО «Проектный институт имени Джанекенова Ж.Р.» тел. 8 702 225 25 88, e-mail: vodtk@mail.ru/.

Замечания и предложения принимаются в течение 5 рабочих дней со 02.03.2026 по 06.03.2026 г. на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а так же по адресу МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел. 8 (7282) 32-92-67, 7su_expertiza@mail.ru, г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра 26.

БАСПАСӨЗ - 2026

АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ
ЖҮРІП ЖАТЫР!

**АУДАННЫҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІНЕН ҚҰЛАҒДАР БОЛҒЫҢЫЗ
КЕЛСЕ, АУДАНДЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС
БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы 5672 теңге
және жарты жылға 2836 теңге.

ГАЗЕТ ИНДЕКСІ 65750

"АҚСУ Өңірі"

Меншік иесі - ЖШС

"Ақсу өңірі" газеті

Құрылтайшы, директор -

бас редакторының міндетін

уақытша атқарушысы

СЫМХАНОВ ЕРБОЛ

ӘБДІКӘРІМҰЛЫ

Газет Қазақстан
Республикасы
Инвестициялар және
Даму Министрлігі

Байланыс,

ақпараттандыру және

ақпарат комитеті

2015 жылғы 16 қараша

айында есепке қойылды.

Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар
авторының пікірі редакция көзқарасы болып
табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға
қайтарылмайды.

Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне
жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Жетісу облысы, Ақсу

ауданы, Жансүгіров ауылы,

Желтоқсан көшесі, №5 "В",

аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488

Осы шығарылымның

таралымы 2535



Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.



Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750

Офсеттік басылым көлемі 26 т.